

*Мағжан Жұмабаевтың  
өмірі мен шығармашылығы*

Орындаған: Батан Айдана  
Тобы: 119 – 25

*«Өлеңнің тілге жеңіл, құлаққа жылы тиюін Абай да іздеген. Абай да сөздің ішін мәнерлеп, тонын сұлу қылуға тырысқан, бірақ дыбыспен сурет жасауда, сөздің сыртқы түрін әдемілеуде Мағжанға жеткен қазақ ақыны жоқ... Олай болса, ақындық жүзінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр кіргізіп, соңына шәкірт ерткен, мектеп ашқан күшті ақын Мағжан екенінде дау жоқ», - деп жазады Жүсіпбек Аймауытов өзінің 1923 жылғы «Мағжанның ақындығы туралы» деген мақаласында.*



**XX ғасырдың басында  
қазақ әдебиетінің көгінде  
жарқырай жанған жарық  
жұлдыздарының бірі.  
Туған жері - бұрынғы  
Ақмола губерниясының  
Ақмола уезіндегі  
Полуденовский болысы  
(қазіргі Солтүстік  
Қазақстан облысы  
Булаев ауданы).**

***Мағжан Жұмабаев***  
**(1893-1938)**

# Өмір жолы

Ауыл мұғалімінен хат танып, сауат ашқан

Мағжан 1905 жылы Қызылжардағы медресеге оқуға түсіп, оны жақсы үлгеріммен аяқтайды.

Бірақ бұл оқу білсем, көрсем деп ілгері ұмтылған жас талапты онша қанағаттандырмайды.

*Ол оқу іздеп Уфаға аттанады. Сонда өзінің білім беру дәрежесінен Жоғары діни оқу орнымен пара пар Медресе Ғалияға оқуға түседі. Медреседе оқып жүргенде, осында оқытушы болып істейтін, татардың белгілі жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтың назарына ілігеді.*

● *Болашақ ақынның зор дарынын таныған Ғалымжан Мағжанды қамқорлығына алып, оған көп жәрдем көрсетеді. Соның көмегімен Қазан қаласында Мағжанның «Шолпан» атты тұңғыш жинағы жарық көреді, соның ақыл-кеңесімен Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түседі.*

- *Жаңа заман рухы бойын билеген, тырнақалды «Шолпан» (1912 ж., Қазан) кітабы шыққан асау жүрек, жас сұңқар орысша білім алуға ерекше талаптанып, 1913 ж. Омбы қаласына келіп, семинарияға түседі де, оны 1916 ж. бітіріп шығады. Бұдан кейін ел өміріндегі ұлы оқиғалар жас азаматты көгала толқынана тартып әкетеді.*

*1919 жылдың көктемінен бастап, жаңа құрылысқа бел шешіп, білек сыбанып кіріседі. Қызылжардағы «Бостандық туы» газетінде редактор болды*

*Февраль революциясынан кейін қазақ интеллигенциясында атағы шыққан Жұмабаев облыстық «Алаш» партия комитеті құрамына кіреді.*



- *(1917-1924) М. Жұмабаев өзінің шығармашылық жолының екінші этапында журналистикамен шұғылдана бастайды.*
- *1922 жылы «Педагогика» еңбегін шығарады. Бір уақыттарда, Омск қаласында шығарылған «Бостандық туы» газетінің редакторы болады.*

*1921 жылдан бастап Петропавловскіде.*

*(1919 ж.), Ташкентте Қазақ-қырғыз  
институтында сабақ береді*

*(1922 ж.), сонда жүріп «Батыр Баян» поэмасын  
шығарады. Түркістан туралы өлеңдер, Ақан-Сері,  
Бұхар-жырау туралы мақалалар жазады. «Ақ  
жол», «Шолпан» газеттерімен қымет жасайды.*

*1923-26 жылдары Мәскеудің көркем –әдебиет институтында аудармашы ретінде жұмыс істейді.*

*1927 жылғы жазда Петропавловск қаласында оқытушы жұмысымен шұғылданады.  
В. Я. Брюсов атындағы көркем әдебиет институтында оқиды (1928 ж.), Бурабайда техникумда, Қызылжарда кеңес-партия мектебінде сабақ береді.*


*1929 ж. жазықсыз жала жабылып, түрмеге қамалады, содан Карелияға жер аударылады. М. Горькийдің және оның әйелі Е. Пешкованың араласуымен*

*1936 ж. айдаудан босап шыққанымен, қайта ұшыққан репрессия тырнағына ілініп, жазықсыздан жазықсыз кетеді.*

*1938 ж. 19 наурызда атылып кетеді.*



*«Мағжан – алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндегі тілге жұмсақ, жүрекке тиетін үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер бере алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз»*



*«Мағжан мәдениеті зор ақын.  
Сыртқы кестенің келісімі мен  
күйшілдігіне қарағанда, бұл  
бір заманның тегінен  
асқандай, сезімі жетілмеген  
қазақ қауымынан ертерек  
шыққандай...»*

# *Оқу – ағарту ісіндегі еңбектері*

- *Жұмабаев ақын тұрғысында лирика шебері.  
Оның*
- *«Менің тілегім»*
- *«Сүйемін»,*
- *«Әй, Сәрсембай»*
- *«Қараңғы боранды түн»*
- *секілді өлеңдері қазақ поэзиясының байлығы.  
Мағжан әдебиетті дамытуда көптеген  
пайдалы шығармалар жазды.*

# *МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН*

*Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты—  
Мен жастарға сенемін!*

*Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар.  
Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін!*

*Жас қырандар — балапан,  
Жайып қанат, ұмтылған.  
Көздегені көк аспан,  
Мен жастарға сенемін!*